

№ 1 «31» 08 2021  
Пелкенесте каралды

«Жабасак жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бекітемін: Г. Игиснинова  
Мектеп директоры



Келісілді: Б. Д. Сейітжанов  
Аудандық білім бөлімінің басшысы



## Тақырыбы:

# «Ұлттық ойын ұшқыны»

Вариативті компонент

Мектеп алды даярлық сыныбы

Орындады Б. Абдраманова

Мектеп алды даярлық сыныбы тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды: А. Г. Касымова  
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама 27 күні 08 айы 2021 ж

Тексерілді: Г. Касымова Г. Б. Косымова  
оқу-ісінің меңгерушісі

## Түсінік хат

Мектепалды даярлық топтарында адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Баланың бірінші әрекеті - ойын, сондықтан да ойынның мән-мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім.

Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жағтығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады.

Біз болашақ ұрпағымызға тілімізді ғана үйретіп қоймай, салт-санамызды, дәстүрімізді мирас етіп қалдырып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасуына жағдай жасауымыз қажет.

Бұл ретте ойындардың мәні өте зор.

Ойын баланың көңілін есіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Бағдарлама аптасына 1 рет өткізіліп – 33 сағатқа негізделіп жасалған.

Мазмундук бөлім

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Ақсүйек» ойыны, Төрт түлік туралы мақал-мәтелдер.	1
2	«Сақ құлақ» ойыны, өлең жаттау	1
3	«Орамал тастау» ойыны, шеңбер ұғымы.	1
4	Ақшамшық /Сақина тастау/ ойыны, саусақ сыры.	1
5	Кім шертті? Санамақ жаттау	1
6	«Соқыр теке» ойыны, «Толдер» өлеңін жаттау	1
7	«Бөрік жасырмақ» ойыны, суретті ұлттық оюмен әшекейлеу.	1
8	«Ақ сандық, көк сандық» ойыны, «Сықырлы сандықтан» пыққан жұмбақтарды шешу.	
9	«Үй артында қол ағаш» ойыны, өлең жаттау.	1
10	«Етек – етек» ойыны, жанылтпаш жаттау	1
11	«Көгі гөк» ойыны, Ертегі оқып беру.	1
12	«Біз де» ойыны, «Дос болайық бәріміз» өлеңін айту.	1
13	«Сықырлы таяқ» ойыны,	
14	«Қыз куу» ойыны, мақал-мәтел жаттау	1
15	«Тас қала» ойыны Жұмбақтар сайсы.	1
16	«Хан талапай» ойыны,	1

17	«Асау мәстею» ойыны, санамақ жаттату.	1
18	«Қара құлак» ойыны, «Күлак» ертегісін оқып беру.	1
19	«Допты қуып жет» ойыны, өлең жаттату.	1
20	«Дауыста, атынды айтам» ойыны,	1
21	«Аңшылар» ойыны, жабайы аңдар суретін салу.	1
22	«Күшін жетсе — үзіп кет» ойыны, сөздік жұмыс.	1
23	«Қандық – сандық» ойыны, өлең жаттау.	1
24	«Атқаума» ойыны, өлең жаттау, мәнгерлеп оқу.	1
25	«Қарғымақ» ойыны, өлең жаттау.	1
26	«Жапалақтар мен қарлы-ғаштар» ойыны, мазактау өлеңін жаттау.	1
27	«Жаңылма» ойыны, санамақ жаттату.	2
28	«Арқан тарту» ойыны, өлең жаттау.	1
29	«Қушақ лактыру»	1
30	«Түтқынға алу» ойыны, жұмбақтар шешу.	1
31	«Қуыр-қуыр қуырмаш» ойыны, мәнгерлеп айту.	1
32	«Ат жарыс» ойыны, жылқы суретін салу.	1

«Ұлттық ойын ұшқыны» бағдарламасының перспективалық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Мақсаты	Құралдар	Көркем сөз
1	«Ақсүйек» ойыны, Төрт түлік туралы мақал-мәтелдер.	1	13.09	Балаларды байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдыққа, ерлікке, шашпандыққа баулу. Төрт түлік мал туралы мақал-мәтелдерді жаттату және олардың мағынасын түсіндіру. Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Таяқ, жүлде, ақсүйек	<b>Мақал:</b> «Мал өсірсен қой өсір, өнімі оның көл-көсір» «Қойдың сүті қорғасын, қойды соққан оңбасын» «Гүйенің үлкені көпірден таяқ жейді»
2	«Сақ құлақ» ойыны, өлең жаттату	1	10.09	Балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттыру. Балаларды 2-3 сөзден құралатын сөйлемдерді сыбырлап айтуға жаттықтыру, Халық ауыз әдебиетін пайдалана білуге тәрбиелеу.	жоқ	Жүгірсе де шапқылап, Бәрін естір саққұлақ. Деші: -қазір ас берем! Естімейді тас керен. Құйма құлақ құлықты; Құлықты жап білікті! Құлықсызға сөз айтпа, Құлықтыға айтпа!
3	«Орамал тастау» ойыны, шеңбер ұғымы.	1	17.09	Балалардың ойын дамытып, ана тілін жетік білуге, тапқырлық қасиеттерге үйрету. Сөздерді буындап айтуға, дұрыс табуды жаттықтыру.	Орамал	М.Әлімбаев Ойын бар, бір ойын бастамақ, Аты оның-«Орамал тастамақ» Шеңбер боп отыра қалыңдар, Болмасын асығу-сасқалақ Ақырын, аспаймыл-саспаймын, Ойынды мен бастаймын Біріннің тұсына келгенде, Сөзді бастап айтайын.

4	Ақшамшық /Сақина тастау/ ойыны, саусақ сыры.	1	24.09	Жылдам қозғалуға, шапшаң қимылдауға, зеректікке баулу. Такпақтарды, жаңылтпаштарды жатқа айтуға үйрету.	Сақина, тақ пақ, жаңылт паштар	Алақанды беттестіріп, қуыстап, Отырындар құр ауаны уыстап. Бір – екі рет кідіріп те қалған боп, Бір жүзiктi тегiс жағын салған боп. Сездiрмейдi берiк болса сырға кiм, Осында бiр құпия тұрғанын. Бақыла да өзiнше түр- түсiнен, «Жүзiктi бер» деп сұра бiр кiсiден.
5	Кiм шерттi? Санамақ жаттату	1	1.10	Балаларды шапшаңдылыққа баулу. Аңғарымпаздыққа үйрету.	жок	<b>Санамақ:</b> Алма кеттi домалап, Көше бойын жағалап, Кiм алманы табады, Сол ойыннан шығады.
6	«Соқыр теке» ойыны, «Төлдер» өлеңін жаттау	1	8.10	Балаларды көпшi болуға, талғампаздыққа, iскерлiкке, ептiлiкке, алғырлыққа және шыдамдылыққа баулу	Көз байлайтын орамал	<b>Төлдер.</b> Бұзау, Боға, Қозы, Лақ, Тоқты, Серке, Құлыншак, Торпақ, Тана, Тай, Тайлақ, Құнан, Дөнен, Бесті бар- Берін біліп, естіп ал! Сүзегенсің, тентек Теке аппақ, Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ! Ж. Смақов
7	«Бөрік жасырмақ» ойыны, суретті ұлттық оюмен әшекейлеу.	1	15.10	Балаларды ойынмен таныстыру. Тез әрі шапшаң қимылдауға баулу. Жылдамдыққа, тез жүгіруге жаттықтыру. Берілген бөрік суретін оюлап бою. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу.	Бөрік немесе басқа бір зат, түрлі-түсті қарындаш ар, аққағаз.	Топ болып біз жүрейік, Ойнайықта күлейік. Достық деген тамаша, Міне тұрмыз жараса!

8	«Ақ сандық, көк сандық» ойыны, «Сикырлы сандықтан» шыққан жұмбақтарды шешу.		22.10	Балаларды мықтылыққа, төзімділікке, жылдамдыққа, амал-айла, әдіс қолдана білуге баулу, тілін дамыту, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.	Сыйлықтар «Сикырлы сандық»	«Ертең аулым көшеді, Уық бауын шешеді, Қара қойым қашады, Құмалағын шаады... Ақ сандың, көк сандық Арқан тарт, кілем арт!»
9	«Үй артында қол ағаш» ойыны, өлең жаттау.	1	29.10	1. Балаларды ойынның шартымен таныстыру. Ойындағы берілген сөздерді жаттау. Шапшан қимылдауға үйрету. Жылдамдыққа, тез жүгіруге жаттықтыру. Ойын балаларды бірігіп әрекет жасауға, творчестволық ынтымақтыққа үйретеді.	Белбеу не орамал	Үй артында қол ағаш, Қол ағаштан ала каш. Бұрын келген балаға Тездеп бар да есік аш Қол ағаш, қол ағаш!
10	«Етек – етек» ойыны, жаңылтпаш жаттау	1	12.11	Балаларды ойынмен таныстыру. Тез әрі шапшан жүгіруді дағдыландыру. Ойын кезінде ұқыпты болуға, тез қимылдауға үйрету. Шапшандылыққа тәрбиелеу.	жоқ	<b>Жаңылтпаш.</b> Қабат-қабат үй салдық, Үйлер толы күй сандық Күй сандықтан үй салдық, Күй сандыққа күй салдық. «Гүлкі мен тарна» ертегі.
11	«Көгі гөк» ойыны, Ертегі оқып беру.	1	19.11	Балаларды ойынмен таныстыру. Тез әрі шапшан қимылдауға баулу. Белсенділер мен жайбасар әлсіз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтап, оларды достыққа баулу.	Жеребе, доп, ертегі мазмұнына	
12	«Біз де» ойыны, «Дос болайық бәріміз» өлеңін айту.	1	26.11	Балаларды ойынмен таныстыру. Ойын шартын түсіндіру. Сұрақты дұрыс тыңдап тез жауап беруге және жаңылтпауға үйрету, есте қабілеттерін дамыту. Достыққа, шапшандылыққа	асықтар	Дөңгелене тұрамыз Керегені құрамыз Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.

13	«Сықырлы таяқ» ойыны,	3.12	тербислеу. Балаларды ойынмен таныстыру.Тез әрі шапшаң санауды дағдыландыру.Ойын кезінде ұқыпты болуға,тез қимылдауға үйрету...Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	таяқ	Келіндер,ойын бастаймыз, Лақтырып таяқ тастаймыз, Қағып алып әуеден, Кезектесіп ұстаймыз. Кімге келсе ең ұшы, Деп білеміз-жеңісі, Сол бастайды ойынды, Келісіп солай алайық.
14	«Қыз куу» ойыны, мақал-мәтел жаттату	10.12	Балаларды ойын ережесімен таныстыру. Қыз куу ойынының мәнін түсіндіру.Жылдамдыққа ,қыздарды сыйлауға тәрбиелеу.	Ағаштан жасалған аттар	<b>Мақал-мәтел:</b> Қызы бардың-назы бар. Қыз бала-өріс. Ер бала-аға-анаға таяу, Қыз бала үйге жаққан бояу.
15	«Тас қала» ойыны Жұмбақтар сайсы.	24.12	Асық ойынының ендігі бір түрімен таныстыру. Асықтарды дәл көздеп атуға жаттықтыру. Халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыру. Ойынның шартын бұзбай ойнауға үйрету.Өділ ойнауға тәрбиелеу.	асықтар	<b>Жұмбақ.</b> Үнгіген ішіне, Қорғасын құйылған. Әдемі түсі де, Әрі тигіш киірден. /сақа/
16	«Хан талапай» ойыны,	14.01	Балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.Балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттыру.	асықтар	Асық ойнаған ,азар, Доп ойнаған тозар. Бәрінен де қой бағып, Көтен жеген озар. Асық ойнаған,ақтық, Доп ойнаған тоқтық. Бәрінен қой бағып, Көтен жеген тоқтық.
17	«Асау мәстек»	21.01	Балаларды бабаларымыздың асыл	Таяқ, тақия	Бірім-бірлік,

	ойыны, санамақ жаттату.			казыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйрету. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелеу. Ұлттық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын байыту.		Екім-елдік, Үшiм-үмiт, Төртiм-түлiк, Бесiм-бесiк, Алтым-аспан. Ауыр балтам, Сен тұр, сен шық. «Құлақ» ертегі
18	«Қара құлақ» ойыны, «Құлақ» ертегісін оқып беру.	1	28.01	Балаларды ойынмен таныстыру. Ойын шартын түсіндіру. Тез әрі шапшаң қимылдауға үйрету.		
19	«Допты қуып жет» ойыны, өлең жаттату.	1	4.02	Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тындауға, тез жүгіругі, Доптардың түстерін, көлемін ажырата білуге баулу.	түрлі-түсті, үлкен-кішілі доптар.	<p><b>Доп.</b></p> <p>Топ, топ добым домалақ, Қайда кеттің домалап, Бір, екі деп, екі ұрдым. Шатырға сен секірдің. Үш, төрт, бес деп үлгердім, Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті дегенде, Жаттың шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он дедім, Сайға сырғып жөнелдің. Тоа, топ, домалақ, Қайда кеттің домалар?</p>
20	«Дауыста, атыңды айтам» ойыны,	1	18.02	Балаларды ойынмен таныстыру. Ойын шартын түсіндіру. Дауысты ажырата білуге, есту қабілеттерін дамыту, Достыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	көз байлайтын орамал, ұзындығы бір, бір	<p>Ғ. Өкеев</p> <p>Ал, қанеки ойнайық, Ойнайық та, ойнайық. Байлап қойып көзінді, Қоршап тұрмыз айнала. Атынды атап шақырған,</p>

21	«Аңшылар» ойыны, жабайы аңдар суретін салу.	1	25.02	Балаларды допты дәл көздеп лақтыруды үйрету. Жабайы аңдарды айыра білуді, сурет салуды жаттықтыру. Достыққа, ептілікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	жарым метр таяқ доптар	Арамызда қай бала? Шаршамайсың, Шалдықпайсың, Доп, қалай? Секіресің, секендейсің. Тоқтамай! Асыққанда Арықтан да аттайсың, Бір тәуірің-суға түссең, Батпайсың. Секір – секір деген кім, Білгіш болсаң, таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, Сол орынға тұра ғой. Ақ қоян тұршы, Бетінді жүшы. Айнаға қарашы, Шашынды тарашы Енді бізді қушы.
22	«Күшің жетсе — үзіп кет» ойыны, сөздік жұмыс.	1	4.03	Балаларды ойын ережесімен таныстыру, түсіндіру. Тез әрі шапшаң қимылдауға және өз күшін көрсете білуге үйрету	жоқ	
23	«Қанлық – сандық» ойыны, өлең жаттау.	1	11.03	Шапшаңдыққа, төзімділікке баулу. Өз күшін көрсете білуге үйрету. Достыққа, татулыққа, шапшаңдыққа баулу.	жоқ	
24	«Атқаума» ойыны, өлең жаттау, мәнерлеп оқу.	1	18.03	Балаларды ойын ережесімен таныстыру. Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнауға үйрету. Айыбын төлеуге өз білімін пайдалануға үйрету. Ұлттық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын байыту.	Орамал	Қалма жұрттың соңында, Қажет болса мың атта. Аздық етер онында, Жету үшін мұратқа.
25	«Қарғымақ» ойыны, өлең	1	1.04	Балаларды ескіден келе жатқан қазақтың көне ойындарының бірімен	Жіп, белгі	Кіп-кішкентай балақан Алға созып алақан,

	жаттау.			таныстыру. Биікке секіру, алысқа секіру, сырыққа таяна секіру сияқты спорт ойындарын үйрету.		Оңға,солға қарайды, Саусақтарын санайды. Ей,балақан,балақан, Неге создың алақан? Кел,шاپалак ойнайық, Секіріп қол соғайық!
26	«Жапалақтар мен қарлы-ғаштар» ойыны,мазақтау өлеңін жаттау.	1	8.04	Балаларды ойынмен таныстыру.Ойын шартын түсіндіру.Тез әрі шапшаң қимылдауға үйрету.	бетперделер	Ойнымасаң,ойын бақ, Қойшыбайдың қойын бақ! Қара бие соямын, Қағын саған қояйын, Кетік пышақ берейін,Кертіп жесең,көрейін!
27	«Жаңылма» ойыны, санамақ жаттату.	2	15.04	Балаларды творчестволық ынтымақтыққа, аңғарымпаздыққа үйрету. Ұлттық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын байыту.	жоқ	Бір дегенім – білеу Екі дегенім – егеу, Үш дегенім – үскі, Төрт дегенім – төсек, Бес дегенім – бесік, Алты дегенім – асық, Жеті дегенім – желке, Сегіз дегенім – серке, Тоғыз дегенім – торқа, Он дегенім – оймақ Он бір – кара жұмбақ.
28	«Арқан тарту» ойыны, өлең жаттау.	1	22.04	Балаларды ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Ойын балаларды бірігіп әрекет жасауға, творчестволық ынтымақтыққа үйретеді.	арқан	Ал,балалар,екі топқа, Бөлінейік,тұрайыық. Арқан тартып кім күшті екен, Сынап,байқап қарайық. Ал, тартайық,тартайық, Қай жақ жөнеледі,байқайық. Бір,екі,үш

29	«Қушак лақтыру»	1	29.04	Балаларды ойынмен таныстыру.Ойын шартын түсіндіру.Тез әрі шапшаң қимылдауға үйрету. Тез әрі шапшаң қимылдауға және өз күшін көрсете білуге үйрету	Орамал	Кімде екен қуш! Дөңгелене тұрамыз Керегені құрамыз Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз. Жұмбақтар
30	«Тұтқынға алу» ойыны,жұмбақта р шешу.	1	6.05	Балаларды ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлерімен таныстыруды жалғастыру.Ойлау қабілеттерін арттыру.Халық ауыз әдебиетін пайдалана білуге тәрбиелеу.	Жоқ суреттер.	
31	«Қуыр-қуыр қуырмаш» ойыны, мәнерлеп айту.	1	13.05	Балаларды ойынмен таныстыру. Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнауға үйрету. Ұлттық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын байыту.	Суреттер	<b>Бес көмекші.</b> Бас бармағым қой бақсын, Балаң үйрек ой бақсын, Ортан терек үй салсын, Шылдыр шүмек күй шалсын, Кішкене бөбек ойнасын, Ойынға бір тоймасын.
32	«Ат жарыс» ойыны, жылқы суретін салу.	1	20.05	Балаларды қазақ халқының ұлттық ат жарыс ойынын, ойната отырып жан-жақты тәрбиелеу.	Бетперде,т урлі-түсті қарындаш- тар,ақ қағаз.	Ат өнері білінбес, Бәйгеге түсіп жарыспай. Ер өнері білінбес, Қоян-қолтық алыспай.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Балалардың жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу. Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыру. Балаларды халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктерді үйрету. Балаларға өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы таныту. Балалардың денсаулығын нығайтып, ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

- Денсаулықтарын нығайтуда бағытталған ойын түрлерін меңгеруге көмектесу
- түрлі ойынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігінің артыру
- Оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру;
- Өмірге көз қарасын ояту;
- Жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

### Бағдарламаның мазмұны:

Бұл бағдарлама мектепалды даярлық класының балаларының бойында тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.

Бағдарламаға қазақ халқының ұлттық ойындар жинағы және халық ауыз әдебиетінен санамақтар, өлеңдер, жаңылтпаш, жұмбақ енгізілді.

Бағдарлама аптасына 1 рет – 33 сағаттан жоспарланған.

Бұл бағдарлама

- ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.
- ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
- ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
- эстетикалық тәрбие беру - өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
- еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
- дене күшінің жетілуіне көмектеседі - ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және

физиологиялық негіздері болып табылады деп ойлаймын.

### Күтілетін нәтиже:

- ұлттық ойынның аты мен шартын білуі тиіс;
- ескіден келе жатқан қазақ халқының көне ұлттық ойындарының ерекшелігін ескере білуі тиіс;
- халық ауыз әдебиетін пайдалана білуі тиіс;
- Тез әрі шапшаң қимылдап, ойын кезінде амал-айла, әдіс қолдана білуге тиіс;
- Халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастырып, ойынның шартын бұзбай ойнай білуі тиіс;

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994)
2. «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957).
3. Е.Сағындықовтың «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993)
4. М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985)
5. Отбасы және балабақша журналы 1997ж,№3
6. Бастауыш мектеп журналы 1994 №3
7. Мектеп және балабақша 2002 № 4
8. «Кел ойнайық балақай» 2010 жыл
9. «Ақ сандық,көк сандық» Алматы «Жазушы» 1988ж.
- 10.«Жаттамақ» Алматы «Балауса» 1988 ж.